

Тексерілді: *А.А.*

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
Қыркүйек айы І-ші апта

Топ: Кіші топ «Еркетай»

Балалардың жасы: 2 жас

Қандай кезеңге жасалды : 02.09 – 05.09. 2025ж

Апта дәйек сөзі: «Оқусыз-білім жоқ ,білімсіз-күнің жоқ»

Күн тәртібінің үлгісі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	ҚР әнұраны			
Балаларды қабылдау	<i>Күй әуені – баланы шаттықпен қарсы алу, рухани әлемін байыту. «Айжан қыз»</i>	<i>Күй әуені –бүлдіршінді қазақтың салт-дәстүріне жетелеу. «Жастар биі»</i>	<i>Күй күмбірі – баланың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру. «Келіншек»</i>	<i>Қоңыр күй – баланы өнерге сүйіспеншілікпен қарсы алу. «Кеңес»</i>
	<i>Баланы ата-анасымен қарсы алу. Баланы қолынан ұстап сенімділік сыйлау. Киімін шешуге көмектесу Жаңа ортаға бейімделуі үшін ойыншықпен немесе сүйікті бұйымымен топқа кіргізу.</i>	<i>Баланы қарсы алып, ата-анасына қоштасуға көмектесу. Қысқа сұрақ арқылы көңіл-күйін білу Киімін шешуге үйрету: жеңіл киімін өзі шешуге мүмкіндік беру, қалғанын тәрбиеші көмектеседі. Мінез-құлқында мазасыздық байқалса, ойын арқылы көңілін бөлу.</i>	<i>Баланы жылы шыраймен қарсы алып, көңілін көтеру. Ата-анасынан түнгі ұйқысы мен таңғы асын сұрау. Денсаулығын бақылау: дене қызуы, жалпы қимылы. Жаңа ортаға бейімделуі үшін топтағы балалармен бірге қарапайым ойынды бастау.</i>	<i>Баланы қарсы алып, сенімділік атмосферасын қалыптастыру. Ата-анасынан баланың таңғы жағдайы туралы сұрап білу. Дене қызуын өлшеп, көз-құлағын сырттай бақылау. Киімдерін шешіп, шкафқа реттеп қоюға көмектесу.</i>
Ата-	Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала денсаулығы туралы кеңес беру.			

аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	<i>Ерте келудің маңызы – тәртіп пен ұқыптылықтың негізі екендігі жайлы әңгімелесу.</i> Кеңес: Балабақшаға дер кезінде жеткізуге мән беріңіз.	<i>Дұрыс тамақтану – денсаулықтың басты кепілі екендігі жайлы әңгімелесу.</i> Кеңес: Баланың ас мәзіріне жеміс-жидек пен көкөніс қосыңыз.	<i>Спорт – баланың шынығып, сергек болуына көмектесетіні жайлы әңгімелесу.</i> Кеңес: Таңертең баламен бірге жеңіл жаттығу жасаңыз.	<i>Қауіпсіздік – күнделікті өмірде баланы қорғаудың маңызды шарты жайлы әңгімелесу.</i> Кеңес: Жолда жүру ережелерін үйретіңіз.
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	Дид ойын: Түрлі түсті жолақшалар. Мақсаты: Сурет арқылы балалар ұзын – қысқа, түрлі – түсті жолақшаларды ажырата алады.	Дид ойын: «Кілтті тап» Мақсаты: Балалар түстерді, геометриялық пішіндерді ажырата біледі, топтастыра алады.	Дид ойын: «Қажет суретті тап» Ойынның мақсаты: Үлкен және кіші ұғымдарын түсіне отырып, үлкен-кіші заттарды топтастыруға үйренеді.	Дид ойын: «Көжекті жасыр» Мақсаты: Төрт мүмкіндіктің ішінен екі берілген нысанды таңдауға үйренеді.
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан				
Ертеңгілік жаттығу	<i>Қыркүйек айының 1-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.</i>	<i>Қыркүйек айының 1-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.</i>	<i>Қыркүйек айының 1-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.</i>	<i>Қыркүйек айының 1-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.</i>
Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау. Жаттығу кешені қосымша тіркелген				
Таңғы ас	Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту			

	<p>Әңгіме: – Орындықта тұзу отырып тамақтанамыз. Арқанды тік ұстау – әдемі әдет.</p> <p>Қауіпсіздік: – Қисайып отырсақ, ыдысты төгіп алуымыз мүмкін.</p>	<p>Әңгіме: – Балалар, ас ішер алдында қолымызды жуамыз. Таза қол – денсаулық кепілі.</p> <p>Қауіпсіздік: – Ылғал еденде жүгірмейміз, тайып кетуіміз мүмкін.</p>	<p>Әңгіме: – Қасықты оң қолымызға ұстаймыз. Қолымызға жақсы сыйса, тамақты оңай жейміз.</p> <p>Қауіпсіздік: – Қасығымызды бұлғап ойнамаймыз.</p>	<p>Әңгіме: – Балалар, біздің ішетін тамағымызда дәрумендер бар. Дәрумендер бізді мықты, қуатты етеді. Сүт – сүйекті қатайтады, жеміс пен көкөніс – денемізді сау қылады.</p> <p>Қауіпсіздік: – Көкөністі, жемісті асықпай шайнаймыз. Үлкен кесектерді жұтпаймыз, қақалып қалмау үшін.</p>
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҮІӨ)</p>	<p>«Қамқор» жобасы Ойын: «Қуыршақты құтқарайық» Тәрбиеші: «Қуыршақ жылап қалыпты. Кәне, бәріміз оған күліп, қолымызды бұлғайық!» Балалар: «Жылама, қуыршақ!» – деп қуыршаққа күлімдеп қол бұлғайды. Мағынасы: мейірімділікке, қамқорлыққа тәрбиелеу.</p>	<p>«Шабьт» жобасы Ойын: «Кім қалай ән айтады?» Тәрбиеші: «Құстар қалай сайрайды? Мәулайтын не? Ит қалай үреді?» Балалар жануардың дауысын салып көрсетеді. Мағынасы: дыбыстау арқылы сөйлеу мен еліктеушілікті дамыту.</p>	<p>«Еңбегі адал жас өрен» жобасы Ойын: «Жинап қояйық» Тәрбиеші ойыншықтарды ортаға шашып қояды. «Балалар, ойыншықтар үйін таппай қалыпты. Кәне, бәріміз бірге жинап қояйық!» Балалар ойыншықтарды жәшікке салады. Мағынасы: еңбекке баулу, тәртіпке үйрету.</p>	<p>«Ұшқыр ой алаңы» жобасы Ойын: «Жануарды көрсет» Тәрбиеші: «Қоян қалай секіреді? Аю қалай жүреді? Құс қалай ұшады?» Мағынасы: қимыл арқылы ойлау қабілетін дамыту, қиялды жетілдіру.</p>
<p>Кестеге сәйкес ҮІӨ</p>	<p>Қамқор жобасы жобасы – экологиялық мәдениетті қалыптастыру</p>			
	<p>Дид ойын: «Суреттер сөйлейді.» Шарты: Педагог көрсеткен суреттерге</p>	<p>Тосын сәт Қонаққа Қызыл телпек келеді, балаларды орманға қонаққа шақырып, көмек</p>	<p>Қызығушылықты ояту Тосын сәт. Ертегілер әлемінен үш түрлі ковертпен хат</p>	<p>Тосын сәт Қыңсылаған дыбыс шығады. Есікті ашу, кішкентай күшік келуі.</p>

балалар жақсы істер мен жаман қылықтар туралы атап айтады.

-Көмектесу, қамқор болу деген не? Адамдарға, құстарға, табиғатқа қамқор болу, көмектесу жақсы әдеттерге жатады.

Ой дамыту.
Дамыту бұрышында иллюстрациялық альбомдар қарау.
«Қайырымдылық» әңгімесін сурет арқылы көрсете отырып, түсіндіру.

Әңгіме желісі бойынша Балалар балапанды ұясына салды.



Қарлығаштар енді көңілді. Олар көкке көтеріліп, балалардың төбесінен екі – үш айналып өтті.

Сергіту сәті:
Кәне, қанат жазайық,
Қарлығаш боп ұшайық.

сұрайды:

– Сәлеметсізбе, балалар? Мен қызыл телпекпін.

Мен әжеме көптен бері барған жоқпын, енді қонаққа барайын деп ем. соған қандай сыйлық жасасам екен? Әжем орманда тұрады. Қызыл телпек біздің балалар әжеңе арнап сыйлық жасап береді.

Құрлымдалған ойын:
«Түсі бойынша жина»
Шарты: Түрлі түсті сақиналарды түсі бойынша жапсыру.

Қызыл телпек қуанып, бәріміз менің әжеме қонаққа барайық.

Бірақ біздің орманымызда барлық аңдар көңілсіз, ренжіп жүр. Орманға барып, аңдардың көңілін көтерейікші.

– Әрине барамыз
Орманға саяхат
Оманға кедергі жолдармен бару.

Тыныс алу жаттығулар.
1. Тиіндарға көмектесу.
Шашылған сақиналарды жинау.

келу.

1-ші қызыл конверт ашу.

II. Миға шабуыл.
Дид ойын: «Кім тапқыр?»

Жұмбақ жасыру.
Өзі қу, жүрген жері айқай да шу (түлкі)
-Көзі тостақ, өзі қорқақ.
(қоян)

Жұмбақтың шешуін түсіндіру.
-түлкі жыртықшы аң, ал қоян жыртықшы емес.
-Қоян өте қорқақ аң, оны үйде асырауға да болады.

2-ші сары конверт тапсырмасы
«Түлкі мен қоян» ертегісімен таныстыру.

АҚТ технологиясымен жұмыс. Түлкі мен Қоян
Ерте, ерте, ертеде түлкінің құйрығы жоқ еді. Қасқырмен тату тұрмаған соң үнемі қашып жүреді екен. Сол үшін қасқыр түлкінің артынан еріп, аңдып жүріп оның ініне түсіпті. Түлкі болса

III. Ой қозғау.

- Балалар, бұл не?
Бұл кішкентай күшік.
-Күшік қандай?
-әдемі, жүні жұмсақ, көзі бар, мұрны, құлағы, кішкентай құйрығы бар. Өзі ала, табандарыда жұмсақ.

Күшікке ат қою. Ақтөс
- балалар бұл күшік достарынан адасып шығып кеткен, тоңып қалыпты.

Көмектесеміз бе?
Сергіту сәті
Күшік ашуланса қайтеді?
Бірдеңені сезіп қалса не істейді?

Қатты жүзгіргенде қайтеді?
Күшік қалай демалып жатады?

Ой дамыту.
Күшікке көмек
Мен Ақтөстің достарын суретке түсіріп алғанмын соған қарап отырып, достарын жасап берейік.
Дид ойын: «Күшіктің достары»
Балаларды топқа бөлу.

<p>Ұшып, ұшып алайық, Орнымызға қонайық. (Б. Серікбаев) Ой қозғау. Сұрақ – жауап арқылы әңгіме желісін қортындылау. Әңгіме не жайлы? Әуеде не ұшып жүрді? Сәулет жерден нені көрді? Ол балалардың орнында болсаңдар сендер не істер едіңдер? Дид ойын: «Бөлігін тап» Шарты: Суреттердің бөлігін тауып құрастырып, әдептілік пен жаман қасиеттерді айырып өз ойын айту. Шығармашылық ортамен жұмыс: Балаларды топқа бөлу. Дид ойын: «Әдемі балапандар» 1-топ: Дәстүрден тыс сурет салудың әдісі арқылы трафаретпен балапанды губка арқылы бояу. 2- топ: Қарлығаштың суретінің қасына балапанды жапсыру. Тақпақ : Қарлығашым</p>	<p>Дид ойын: «Пирамиданы толық жина» Шарты: ең үлкен сақинаны назарларына ала отырып, балалар пирамиданы көлемі бойынша толықтай құрастырып шығару. 2. Қонжықтарға көмектесу. Тақпақ Қырдан өтіп қорбаңдап Аю барды орманға, Үйін тауып араның Деді балын аламын. Балға қолын малады Таңдай қағып жалады, Келді аралар гуілдеп Ортаға оны алады Жабылып кеп шағады, 3. Түлкіге көмектесу. Дид ойын: «Кім тапқыр?» Ең айлакер аң... (түлкі) Ең қорқақ ... (қоян) Балды жақсы көретін... (аю) Аң патшасы... (арыстан) Мысыққа ұқсайтын аң...(жолбарыс) Ең ұзын мойын...(керік) Қораға шабатын аң...(қасқыр) Ең ірі жануар...(піл) Үстінде тікенегі бар...(кірпі) 4. Қасқырға көмектесу.</p>	<p>інінің екінші тесігінен шығып кетіпті. Шығып кетпесе қасқыр түлкіні жеп қояр еді. Сөйтіп түлкі орманда қайғырып келе жатса ағаш түбінде отырған қоянды көреді. Ол кезде қояндардың құйрығы ұзын, жүгірулеріне кедергі келтіреді екен. Содан түлкі жүгіріп барып қоянды ұстап алыпты. Қоян қорыққанынан түлкішек мені жібере салшы мен саған құйрығымды сыйлайын депті. Міне содан бері түлкінің құйрығы ұзын әдемі де, ал ал қоянның құйрығы қысқа екен. Ертегі желісі арқылы сұрақ-жауап. 3-ші көк конверт тапсырмасы Дид ойын: «Қандай жануар?» Шарты: Ойынға конверт дайындалады. Конверттің ортасы дөңгеленіп қиылған.</p>	<p>1-топ: Күшіктің достарын Дьенеш блоктары арқылы құрастыру. Күшік жасау үшін қандай пішіндер қолданамыз? 2-топ: Күшікті ермексизден мүсіндеу. Балалардың өз бетінше жұмысы. Жұмыс аяқталғанда Өлең оқу: «Күшігім» Күшігім менің үріп тұр Бір нәрсені сезіп тұр Есікті ашып қарасам Достары оның келіп тұр. Ұ.О: «Ханталапай »</p>
--	---	--	--

<p>Адамзаттың жақыны Қарлығаш та ақылды Көгершін мен екеуі Жайлайды бір шатырды</p> <p>Дене тәрбиесі Сапқа бір қатармен тұру Сапқа бір-бірлеп тұру ұсынылады. Сапқа тұруережесін түсіндіреді. Сапқа бойдың ұзындығы бойынша тұратынын, яғни алдымен ең ұзыны, содан кейін сәл қысқалары, ең соңында бойы ең қысқасы тұратынын ескесалады. Негізгі бөлім: Жалпы даму жаттығулары Жалаушамен Б.қ.: «Желбірейді жалау» 1. Аяқтары иық мөлшерінде. Жалаушаны жоғары созып ұстайды. Жалаушаны және басты оң – сол жаққа қисайту. /4- 5 рет қайталау/ Б.қ.: «Әткеншек» 2. Аяқтары алшақ қойылған, жалаушалар</p>	<p>Сергіту сәті: Біз орманға бардық, Жан – жағмызға қарадық. Қоян шықты секіріп, Түлкі шықты майысып, Қасқыр шықты ырылдап, Аю шықты қорбаңдап. Тып – тыныш боп қарадық 4. Қояндарға көмектесу. Дид ойын: «Үлкен –кіші сәбіздер» Дәстүрден тыс сурет. Шарты: Үлкен және кіші сәбіздерді трафареттің көмегімен губка арқылы бояу. Әжеге келу. Сыйлық беру. Балалар, біздерге қонаққа бүгін кім келді? Біздер қайда бардық? Нелерге көмектестік? Ұ.О: «Шертпе » «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»</p>	<p>Жануарлардың суреті конвертке салынады. Ойықтан көрінген аңдардың дене мүшелері арқылы қандай жануар екенін табады. Дид ойын: «Әртістер» Шарты: Ұнаған ертегі желісін сахналау Шығармашылық ортамен жұмыс: Балаларды топқа бөлу: Дид ойын: «Ертегі кейіпкерлері» 1-топ: Дәстүрден тыс сурет салу арқылы салфеткадан жануарларды шығару. 2-топ: Қиылған суреттерден ертегі кейіпкерлерін құрастыру. 3-топ: Дайын қиылған ертегі кейіпкерлерінің қасына балдарын жапсыру</p> <p>Дене тәрбиесі Сапқа бір қатармен тұру Сапқа бір-бірлеп тұру</p>	
--	---	---	--

<p>төменде. Жалаушаларды артқа- алдыға қарай сермеу. /5 рет/ Б.қ.: «Кім жылдам» 3. Аяқтарын ашық қою, отыру жалаушаны алға созу, тұру жоғары көтеру. Б.қ.: «Көңілді жалауша» 4. Аяқтарын ашақ қою, жалаушалар жоғары көтеріп, секіру. Тыныс алу жаттығулары: «Көкек» - тік тұрып, аяқты бір - бірінен ашақ ұстайды, қолды белге қояды, демді ішке біртіндеп тартады, «Ку-ку, Ку-ку» деп дыбыстап демді сыртқа шығара денені алға еңкейтеді Бір саппен шеңбер бойы жүру. /жалаушаларды себетке салу/ Маршпен жүру. «Айналу» - бір - бірінің қолынан ұстай отырып, айнала жүгіру. Қимыл-қозғалыс жаттығулары. -Доға астынан еңбектеп өту Қимылды ойын: « Құстар жем жейді»</p>		<p>ұсынылады. Сапқа тұру ережесін түсіндіреді . Сапқа бойдың ұзындығы бойынша тұратынын, яғни алдымен ең ұзыны, содан кейін сәл қысқалары, ең соңында бойы ең қысқасы тұратынын ескесалады. Негізгі бөлім: Жалпы даму жаттығулары Жалаушамен Б.қ.: «Желбірейді жалау» 1. Аяқтары иық мөлшерінде. Жалаушаны жоғары созып ұстайды. Жалаушаны және басты оң – сол жаққа қисайту. /4-5 рет қайталау/ Б.қ.: «Әткеншек» 2. Аяқтары ашақ қойылған, жалаушалар төменде. Жалаушаларды артқа- алдыға қарай сермеу. /5 рет/ Б.қ.: «Кім жылдам» 3. Аяқтарын ашық қою,</p>	
---	--	---	--

Шарты : құстардың қимылын салып көрсетеді.

Музыка:Музыка жетекшісінің жоспары бойынша

Ұ.О «Арқан тарту » «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»

отыру жсалаушаны алға созу,тұру жоғары көтеру.

Б.қ.: «Көңілді жсалауша»

4. Аяқтарын ашақ қою, жсалаушалар жоғары көтеріп,секіру.

Тыныс алу

жсаттыгулары: «Көкек»

- тік тұрып, аяқты бір - бірінен ашақ ұстайды, қолды белге қояды, демді ішке біртіндеп тартады, «Ку-ку, Ку-ку» деп дыбыстап демді сыртқа шығара денені алға еңкейтеді

Бір саппен шеңбер бойы жүру. /жсалаушаларды себетке салу/ Маршпен жүру. «Айналу» - бір - бірінің қолынан ұстай отырып, айнала жүгіру.

Қимыл-қозғалыс жсаттыгулары.

-Доға астынан еңбектеп өту

Қимылды ойын: « Құстар жем жейді»

Шарты : құстардың қимылын салып

			көрсетеді. Ұ.О: «Сақина салу» «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»	
Серуенге дайындық	Еңбегі адал жас өрен - мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсетуге тәрбиелеу. Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.			
	<i>Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу, қатармен жүруге дағдыландыру.</i>	<i>Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау.</i>	<i>Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.</i>	<i>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.</i>
Серуен	Картотека №9 <i>Бақылау: Торғай мен Қарғаны бақылау.</i>	Картотека №8 <i>Бақылау: Аула сыпырушы-ның еңбегін бақылау.</i>	Картотека №12 <i>Бақылау: Аула маңындағы көліктерді бақылау.</i>	Картотека №17 <i>Бақылау: ауа- райын бақылау</i>
	Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. Күз серуен картотекасынан			
Серуеннен оралу	«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.			
	Киімдерін шешу: <i>Әр баланы ретімен киімдерін шешіп, жинауға дағдыландыру. Су киімдерін тәрбиешіге көрсетуді үйрету. Тазалық процедуралары: Қолдарын сабындап жуып, сүлгісіне сұрту. «Таза қол – денсаулық» деп айту.</i>	Киімдерін шешу: <i>Балаларды тәрбиеші көмегімен біртіндеп киімдерін шешуге үйрету. Киімдерін орындыққа немесе сөресіне қоюға дағдыландыру Тазалық процедуралары: Балалардың қолдарын сабындап жууына көмектесу. Қолдарын жуған соң жеке</i>	Киімдерін шешу: <i>Балаларды бір-біріне кедергі жасамай, киімдерін шешіп, сөресіне қоюға дағдыландыру. Тазалық процедуралары: Әр бала қолын сабындап жуып, сүлгісіне сұртінеді. «Сабын – су – сүлгі» деп ойын арқылы</i>	Гигиеналық шаралар: <i>Сумен шашпауға, тыныш жуынуға үйрету. Түскі асқа дайындық: Балаларды қол жуып болған соң үстелге жинақылықпен отырғызу.</i>

		сүлгісіне суртуін қадағалау. Ойын түрінде түсіндіру: «Алдымен сабын, сосын су».	түсіндіру.	
Түскі ас	Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану, шашпай жуыну			
	<p>Әңгіме: – Ас ішсек, бойымыз өседі, күшті боламыз. Дұрыс тамақтанған бала әрқашан сергек, көңілді жүреді. Ас – денсаулықтың қайнары.</p> <p>Қауіпсіздік: – Ыстық тамақты бірден ішпейміз, аздап суытып барып ішеміз.</p>	<p>Әңгіме: – Балалар, біздің жейтін тамағымызда түрлі дәрумендер бар. Дәрумендер бізді мықты етеді. – Сүт пен айран – сүйегімізді қатайтады. – Жеміс пен көкөніс – бізге күш, қуат береді. – Ет пен нан – бойымыздың өсуіне көмектеседі.</p> <p>Қауіпсіздік: – Жеміс-көкөністі жақсылап шайнап жейміз. Үлкен тілімдерді жұтып қоймау үшін абай боламыз.</p>	<p>Әңгіме: – Табақтағы асты төкпей, тауысып жеу керек. Әр ас – еңбектің жемісі. – Артық алып қалдырмай, өзімізге жететіндей ғана алайық. – Асты аяқтап жесек, еңбекті бағалаған боламыз.</p> <p>Қауіпсіздік: – Тамақты орнымыздан тұрмай, асықпай жейміз. Ыдысты төгіп алмау үшін абайлаймыз.</p>	<p>Әңгіме: – Ас ішкен бала күшті, сергек болады. – Дұрыс тамақ ішкенде бойымыз өседі, ойнаймыз, үйренеміз. – Ас – денсаулықтың қайнар көзі.</p> <p>Қауіпсіздік: – Ыстық асты абайлап ішеміз, күйіп қалмау үшін күтеміз. – Ас ішіп отырғанда ойнамаймыз, ол – қауіпсіздік үшін маңызды</p>
Күндізгі ұйқы	<p>Балаларды киімін ретімен шешуге шақыру. Шешкен киімін ұқыптап бүктеп қояды үйрету. Баланы төсегіне жатқызу, қолдау көрсету. Көрпесін өзі жауып жатуына көмектесу.</p>	<p>Балаларды киімін кезекпен шешуге дағдыландыру. Киімін шешкен соң орындыққа ілуге үйрету. Төсегіне жатып, ыңғайланып жатқызу.</p>	<p>Балалар сыртқы киімдерін шешуге үйренеді. Киімдерін бүктеп, орындыққа қояды. Өз төсегін ашып көмекшімен жаяды.</p>	<p>Балалар киімдерін тәрбимен шешеді. Киімдерін орындыққа немесе қояды. Тәрбиешімен бірге төсегін ашады. Жастығын, көрпесін дұрыстайды.</p>

<p>Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары</p>	<p>№16 1.Ояну Көздеріңді ашыңдар, Кірпіктеріңді көтеріңдер. Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар, Бір - біріңе жымыыңдар</p>	<p>№15. 1.Ояну Кел балалар тұрайық, Қолымызды жоғары созайық. Еңкейеміз еденге, арқамызды тік ұстап, Бір демалып алайық.</p>	<p>№13. 1.Ояну Ұйқымызды ашайық Қолымызды созайық Енді қане бәріміз, Жаттығуды жасайық.</p>	<p>№ 12. 1. Ояну Күнге қарап күлімдеп Көзімізді ашамыз Бойды түзе, көтер басты Сергіп ұйқы ашамыз</p>
<p>Қауіпсіздік ережесі – ұйқыдан тұру кезінде қауіпсіздік шараларын түсіндіру. «Еңбегі адал жас өрен» - ұйқыдан тұрып киіну өз-өзіне қызмет етуге тәрбиелеу. Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан</p>				
<p>Бесін ас</p>	<p>Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдаланып, жуыну ережелерін түсіндіру.</p>			
	<p>Әңгіме: – Балалар, біздің жейтін тағамдарымыздың ішінде дәрумендер бар. Сүт сүйекті қатайтады, жеміс пен көкөніс бізге күш береді. Әр ас – пайдалы. Қауіпсіздік: – Жеміс пен көкөністі асықпай, жақсылап шайнап жейміз.</p>	<p>Әңгіме: – Ас ішсек, бойымыз өседі, күшті боламыз. Дұрыс тамақтанған бала әрқашан көңілді, сергек жүреді. Ас – денсаулық көзі. Қауіпсіздік: – Ыстық тамақты бірден ішпейміз, күйіп қалмау үшін күтеміз.</p>	<p>Әңгіме: – Көкөністер мен жемістер – дәруменге толы. Олар бізді ауырмай, сау жүруге көмектеседі. Қауіпсіздік: – Асымызды төкпей, ыдыстан абайлап аламыз.</p>	<p>Әңгіме: – Ас – денсаулыққа пайдалы ғана емес, ол – береке. Сондықтан асымызды төкпей, тауысып жейік. Қауіпсіздік: – Ас ішіп отырған кезде ойнамаймыз, тыныш отырамыз.</p>
<p>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа</p>	<p>«Қауіпсіздік ережелерін үйренеміз» Қызығушылықты ояту Тәрбиеші балаларға қуыршақты көрсетеді: – «Бұл біздің досымыз – Айжан. Ол бәрін білгісі келеді. Бірақ қауіпсіздік</p>	<p>«Топтағы қауіпсіздік» Қызығушылықты ояту Тәрбиеші балаларға доп көрсетеді: «Бұл – ортақ ойыншық. Оны қалай ойнау керек?» Балалар: «Лақтыруға болады, ұруға</p>	<p>«Жеке қауіпсіздік» Суреттермен әңгіме Балаларға суреттер көрсетіледі: бала қолын жуып жатыр, ал екіншісі кір қолмен нан ұстап тұр.</p>	<p>«Қауіпсіз жүріс-тұрыс» Әңгімелесу «Топта қалай жүреміз? Жүгірсек не болады?» «Бір-бірімізді итерсек не болады?» Түсіндіру</p>

<p>және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</p>	<p>ережесін білмейді. Біз оған көмектесеміз бе?» Балалар: «Иә!» Түсіндіру Тәрбиеші қысқа әрі қарапайым сөйлемдермен түсіндіреді: Отқа жақындауға болмайды – күйіп қаласың. Электр розеткасына қол тигізуге болмайды – соғады. Өткір затпен ойнауға болмайды – қолыңды жарақаттайды. Жолдан өтерде тек үлкенмен бірге өту керек. Бағдаршамда жасыл жарық жанғанда гана жүруге болады. Практикалық бөлім Балалар суреттерді қарайды. Тәрбиеші сұрайды: – «Бұл суретте не дұрыс емес?» (Бала электр тоққа қол тигізіп жатыр.) – «Қалай дұрыс істеу керек?» (Қол тигізбеу, үлкенге айту.) Қорытынды Тәрбиеші балалардан</p>	<p>болмайды». Түсіндіру Ойыншықтарды бір-бірінен жұлып алуға болмайды. Құрылыс кубиктерімен ойнағанда лақтырмау керек. Қуыршақты сындырмай, жақсы күту керек. Қимылды ойын – «Жақсы бала – ұқыпты» Тәрбиеші ойыншықтарды шашып тастайды, балалар жинайды. Қорытынды сұрақтар Ойыншықты қалай ойнау керек? Бір-біріңді итеруге бола ма? Қауіпсіздік ережесі «Викториналық карточка» Мақсаты: Балалардың өрт қауіпсіздігі ережелері туралы білімдерін бекіту. Есте сақтау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. Ойын барысы: Мұғалім</p>	<p>Тәрбиеші: «Қайсысы дұрыс?» Түсіндіру Тамақ алдында қол жуу керек. Бөтен адамның берген кәмпитін алмау керек. Өткір заттардан аулақ болу керек. Ойын – «Таза-қол» Балалар қолын жууды қимылмен көрсетеді. Қорытынды сұрақтар Қолды қашан жуу керек? Бөтен адамның берген затын аласың ба? Жол ережесі «Қандай белгіні тап?» Міндеттері: Балаларға жол белгілерін ажырата білуге үйрету, балалардың жол ережелері туралы</p>	<p>Топ ішінде қатты жүгірмеу керек. Дәлізде үлкеннің қасында жүру керек. Есікті итеріп қатты жаппау керек. Қимылды ойын – «Жаяу жүргінші» Балалар бір сызық бойымен жай жүріп өтеді, тәрбиеші «тоқта» десе тоқтайды. Қорытынды сұрақтар Топта қалай жүру керек? Есікті қалай жабу керек? Дене тәрбиесі Кіріспе бөлім. Амандасу Педагог: Біздің қуыршақтар Дене тәрбиесімен шұғылданбақшы, бірақ олар қалай айналысу керектігін білмейді. Кәне, біз оларды үйретейікші. Әрқайсысың өзіңе ұнаған қуыршақтың қасына барып тұрыңдар.</p>
--	---	---	--	--

<p>сұрайды: Отқа жақындауға бола ма? Жолдан қалай өту керек? Бағдаршамда қандай түсте жүруге болады? Балалар жауап береді.</p> <p>«Жедел жәрдем» Мақсаты. Қажет болса, балаларды жедел медициналық көмекке 03-те қоңырау шалуға үйретіңіз. Құрал-жабдықтар: «Жедел жәрдем» ойыншық машинасы. Әр түрлі жағдайларды бейнелейтін тақырыптық суреттер: адам төсекте термометрді қолымен ұстайды; көгерген бала; көшеде құлап қалған қария (жүрегін тапсыру) және т.б. Ақ дәрігердің шапандары мен халаттары - ойынға қатысушылардың әрқайсысы үшін. Ойын барысы: Сахна суреттері үстелге</p>	<p>үстелге қояды немесе өрт кезінде мінез-құлық ережелері туралы сұрақтармен әдемі безендірілген қорапқа салады. Сұраққа дұрыс жауап берген бала чипті алады. Ойын аяқталғаннан кейін чиптері көп болған адам жеңеді. Сұрақ нұсқалары: - Өрттің ықтимал себебін атаңыз; - Өрт сөндірушілерді қалай шақыруға болады; - Егер өрт кезінде өрт сөндірушілерді шақыру мүмкіндігі болмаса және үйден жолдар өртпен кесілсе не істеу керек; - Алдын ала өрт сөндірушілерді шақыртпай, өртті сөндіруге бола ма?; - Үйде газ иісі болса не істеу керек; - Өрт кезінде шкафта немесе үстелдің астында жасырынуға бола ма?;- қандай поджигать теректің; - Өрт кезінде барлық терезелер мен есіктерді бір уақытта ашып, жоба жасауға бола ма?;</p>	<p>білімдерін бекіту; алған білімдерін күнделікті өмірде өз бетінше пайдалану қабілеттерін дамыту. Материал: Жол белгілері салынған текшелер: ескерту, тыйым салу, бағыттаушы және қызмет көрсету белгілері. Ойын барысы: 1 нұсқа. Көшбасшы сізді кезекпен текшелер тұрған үстелге шақырады. Бала текшені алады, белгі қояды және осы топтың белгілері бар балаларға келеді. 2-нұсқа. Жүргізуші белгіні көрсетеді. Балалар бұл белгіні текшелерінен тауып, көрсетіп, оның нені</p>	<p>Қуыршақтарды алып серуендеп қайтайық. Қуыршақтарды «үйшіктеріне» апарыңдар. Енді өздерің серуендеп келіңдер. Өз қуыршақтарыңа барыңдар. Сендердің қалай жүгіретіндеріңді қуыршақтарың көрсін. Негізгі бөлім Қуыршақтармен бірге жалпы дамыту жаттығулары. «Қуыршақтарды алып, шеңбер бойына тұрыңдар». 1.Қуыршақты жоғары көтереміз, сосын төментүсіреміз. Орындауы: ойыншықты оған қарап тұрып жоғары көтеру. (3-4 рет қайталау) 2.Қуыршақты еденге отырғызып, оның көзіне қараймыз. Орындауы: иілу және отыру – әрқайсысы әртүрлі орындауы мүмкін. (3-4 рет қайталау) 3.Қуыршақпен</p>
---	--	--	--

	<p>қойылған. Жедел жәрдем бригадасы (5-6 бала) өзінің жедел қызметінің телефон нөмірін қайталайды, «қоңыраулар» бойынша жүреді (балалар машинаны суреттен суретке ауыстырады) және ауруханаға «ауыр науқастарды» ғана апарады (суреттерді жинайды). Қалғандары жедел жәрдем бригадасының әрекеттерін талқылап жатыр.</p>	<p>- Үйдегі өрт кезінде лифтті пайдалануға бола ма?; - Өрт кезінде ең алдымен нені сақтау керек: ақша, құжаттар немесе өзіңіз; - Түінді бөлмеден қалай шығу керек; - Сіріңке мен жеңіл ойнауға бола ма және неге?</p>	<p>білдіретінін айтады. 3-нұсқа. Ойыншыларға текшелер беріледі. Балалар оларды мұқият зерттейді. Әрі қарай, әр бала өзінің белгісі туралы оны атамай айтады, ал қалғандары бұл белгіні сипаттамадан болжайды.</p>	<p>жасырынбақ ойнайық. Етпетінен жатып қуыршаққа қарау, бетін алақанымен жасыру «ішпен жатып, иықпен тіреп басын сәл көтеру, иіліп «жасырыну». (3- 4 рет қайталау). 4.Қуыршақпен билейік. Қуыршақты қолға алып, әркім өз әлінше бір орында би қимылдарын жасау. (15–20 секқайталау) Қимылдың негізгі түрлері: Қолға қуыршақты ұстап, екі жіп арасымен тұзу жүру. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Күлше нан» Қуыршақтарды үлкен шеңбер бойымен отырғызуды ұсынады (үлкен шеңбер залдың ортасында). Қуыршақтардың туған күнін атап өту үшін «Күлше нан» ойынын ойнаймыз. Бәріміз бір- біріміздің қолымыздан ұстаймыз. Туған күнді тойлауға Пісірдік біз күлше нан.</p>
--	--	--	---	---

				<p><i>Иісі қандай дәмді, Өзі қандай сәнді. Қызарып піскен күлше нан, Қазаннан түскен күлше нан. Күлше нан, бұрыл солға, Күлше нан, бұрыл оңға, Жан-жағыңа қара да, Қуыршақты таңда. (Өз қуыршақтарын алып, әркім өз әлінше би қимылдарын жасайды. 2 рет қайталайды). Қуыршақтар шаршады, енді оларды мәшинемен үйлеріне апарып салайық. «Мәшине» әнінің ырғағымен бәріміз үйге қайтайық. Мәшине, мәшине келе жатыр, Ішінде, ішінде шопыр отыр. Би-би-би! Би-би-би!</i></p>
Балалармен жеке жұмыс	<p>Тақырыбы: «Көлік түрлері» Мақсаты: Әртүрлі көліктерді ажыратуға, олардың дыбыстарын салуға үйрету. Шарты: Тәрбиеші суретті көрсетеді: «Бұл не?» – бала: «Машина».</p>	<p>Тақырыбы: «Жануарлар әлемі» Мақсаты: Жануарларды танып, оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Шарты: Тәрбиеші үй жануарларының суретін көрсетіп: «Бұл – мысық. Мысық қалай дыбыстайды?»</p>	<p>Тақырыбы: «Табиғат сыйы» Мақсаты: Баланы табиғатты сүйуге, жыл мезгілдерін ажыратуға үйрету. Шарты: Тәрбиеші суреттерді көрсетеді (күн, бұлт, жаңбыр, қар).</p>	<p>Тақырыбы: «Біздің балабақша» Мақсаты: Баланың өз ортасына деген сүйіспеншілігін арттыру. Шарты: Тәрбиеші сұрайды: «Балабақшада біз не істейміз? Кіммен</p>

	<i>Тәрбиеші: «Машина қалай жүреді?» – дейді. Бала: «Бип-бип» деп дыбыстайды.</i>	<i>деп сұрайды. Бала: «Мяу-мяу» деп жауап береді.</i>	<i>«Бұл не? Күн шықса біз не істейміз? Жаңбыр жауса не істейміз?» деп сұрайды. Бала қимылмен көрсетеді (күнде – қолын жайып күледі, жаңбырда – қолын жоғарыдан төменге қозғайды).</i>	<i>ойнаймыз?» Балалар жауап береді. Кейін «Қане, бәріміз балабақшаға келе жатқандай жүрейік» деп шеру жасайды.</i>
Серуенге дайындық	«Еңбегі адал жас өрен»-өз-өзіне қызмететуге тәрбиелеу. Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.			
	<i>Балаларға серуен алдында ойыншықтарын орнына қоюды ескерту. Киінгенде бір-біріне көмектескен балаларды мақтап қою. Қол ұстасып, тәрбиешіні тыңдап жүруге жаттықтыру.</i>	<i>Серуенге шығар алдында «Қайда барамыз?» деген сұраққа жауап беруге үйрету. Киінгеннен кейін айнадан өзін көрсетіп, «қарашы, әдемі болып киіндің» деп мадақтау. Қатармен жүруді шағын ойын арқылы үйрету («Пойыз болайық»).</i>	<i>Балаларға серуеннің қызықты болатынын айту (ағашты көреміз, құстарды тыңдаймыз). Аяқ киімнің оң-солын тәрбиеші көрсетіп беру. Баланы сыртқа шығарда қолынан ұстап алып шығу.</i>	<i>Балаларды киінер алдында тыныш отырғызу. Киімдерін тәрбиешінің көмегімен рет-ретімен кию: алдымен аяқ киім, сосын бас киім. «Қолыңды бер, бірге киейік» ойынымен жеңінен өткізуге көмектесу. Қатарға тұрып шығуды үйрету.</i>
Серуен	Картотека №9 <i>Бақылау: Торғай мен Қарғаны бақылау.</i>	Картотека №8 <i>Бақылау: Аула сыпырушы-ның еңбегін бақылау.</i>	Картотека №12 <i>Бақылау: Аула маңындағы көліктерді бақылау.</i>	Картотека №17 <i>Бақылау: ауа- райын бақылау</i>
Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту.				

Серуеннен оралу	<p>«Еңбегі адал жас өрен»</p> <p>Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру, өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Кешкі асқа дайындық.</p>			
Кешкі ас	<i>Балаларды үстелде дұрыс отырғызуды ұйымдастыру.</i>	<i>Астан кейін қолдарын жууды қадағалау</i>	<i>Ас ішу кезінде әдеп сақтауын тамақты асықпай ішуді, төкпей ішуді үйрету.</i>	<i>Ас ішкен кезде сөйлемеді үйрету</i>
Балалардың дербес іс-әрекеті	<i>Қуыршақ жұмсақ ойыншықтармен ойнау</i>	<i>Әуенді тыңдау би қимылдары</i>	<i>Сурет қарау, шимай салу</i>	<i>Үстел үсті ойындары</i>
Балалардың үйге қайтуы	Өнегелі-15 минут. Ата-анамен балалардың іс-әрекеті туралы әңгіме жүргізу.			
	<i>Бүгін балалар сурет дәптеріне қарындашпен сызықтар салды. Қолдарын қимылдатуға, өз ойын бейнелеуге талпынды. Үйде балаға түрлі-түсті қарындаш беріп, еркін сызықтар салуына мүмкіндік жасаңыз.</i>	<i>Бүгін балалар қарапайым би қимылдарын жасап, ән тыңдады. Әуенге еліктеп, көңілдерін көтерді. Үйде балаңызбен бірге қысқа ән қосып, қол шапалақтау немесе қарапайым қимылдар қайталау пайдалы.</i>	<i>Бүгін балалар қысқа тақпақтар тыңдап, қарапайым сөздерді қайталады. Сөйлеуге талпынып, сөздік қорын байыта түсті. Үйде балаңызбен бірге жеңіл өлеңдер мен тақпақтарды қайталап айтуға көңіл бөлсеңіздер жақсы.</i>	<i>Бүгін балалар доппен ойнап, бір-біріне домалатты. Қол-қимылдарын үйлестіруге және достарымен қарым-қатынас жасауға үйренді. Үйде балаңызбен бірге түрлі көлемдегі допты домалатып ойнасаңыздар пайдалы болады</i>

Тексерілді: 

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
Қыркүйек айы ІІ-ші апта

Топ: Кіші топ «Еркетай»

Балалардың жасы: 2 жас

Қандай кезеңге жасалды : 08.09 – 12.09.2025ж

Апта дәйек сөзі: «Жанұям-қорғаным , ата-анам-тірегім»

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	ҚР әнұраны				
Балаларды қабылдау	<i>Күй күмбірі – қазақ халқының асыл мұрасымен баланы қауыштыру. «Қос алқа»</i>	<i>Күй әуені – баланы ізгілік пен өнерге тәрбиелеу. «Балбырауын»</i>	<i>Күй күмбірі – баланы шаттыққа бөлеу, ұлттық рухты сезіндіру. «Саржәйлау»</i>	<i>Күй күмбірі – баланың көңілін көтеру, ұлттық болмысқа жақындату «Жезкиік»</i>	<i>Күй күмбірі – қазақтың тарихын бала жүрегіне жеткізу «Табигат»</i>
	<i>Баланы есік алдынан қарсы алу, ата-анасымен бірге топқа кіруіне жағдай жасау. Ата-анасынан кешегі ұйқысы мен таңғы көңіл-күйін сұрау. Дене қызуын өлшеп, сыртқы белгілерін бақылау. Киімін шешуге</i>	<i>Баланы күлімсіреп қарсы алып, өзі топқа кіріп баруына мүмкіндік беру. Дене қызуын тексеріп, жалпы қимыл-қозғалысына назар аудару. Киімін шешуді өзі орындауға дағдыландыру, тек қиын сәттерде көмектесу.</i>	<i>Баланы жылы сөзбен қарсы алып, достарымен амандасуына жағдай жасау. Денсаулығына назар аудару: көз, құлақ, бет-әлпетін сырттай бақылау. Киімін шешу және шкафқа реттеп қоюды өздігінен орындауға</i>	<i>Баланы есік алдынан қарсы алып, көңілін көтеретін сөздер айту. Ата-анамен қоштасуды жеңілдету үшін қысқа ритуал енгізу («қол бұлғап қоштасу»). Киімін шешуде белсенді қатыстыру, жеңіл киімдерін өзі шешуіне мүмкіндік</i>	<i>Баланы есімімен атап, құшақтап қарсы алу. Ата-анадан қысқаша ақпарат алу, баланы бірге топқа кіргізу. Денсаулығын бақылау: дене қызуы, көңіл-күйі. Киімін шешуде көмектесе отырып, жеңіл әрекеттерді (қалпақ, шарф) өзіне орындауға үйрету.</i>

	<i>толық көмектесу (аяқ киім, сырт киім).</i>	<i>Баланың достарымен бірге ойнауын қолдау, шағын топтық ойындарға тарту.</i>	<i>дағдыландыру (тәрбиеші тек қадағалайды).</i>	<i>беру. Жаңа ойындарға шақырып, топ ішінде өзін еркін сезінуіне жағдай жасау.</i>	
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала дамуы туралы кеңес беру.				
	<i>Бақшаға уақытында келу – тәртіп екенін айту. Кеңес: Таңертең асықпай дайындалыңыз.</i>	<i>Уақытында ұйықтау – денсаулыққа пайдалы екенін айту. Кеңес: Кешкісін балаға ерте жатып, ертегі оқып беріңіз.</i>	<i>Жолда абай болу – қауіпсіздік екенін айту. Кеңес: Жолдан өткенде қолынан ұстап, бағдаршамды көрсетіңіз.</i>	<i>Жеміс-жидек жеу – күш-қуат беретінін айту. Кеңес: Үйде балаға алма, банан жегізіп, үлгі көрсетіңіз.</i>	<i>Қимыл-қозғалыс – денені шынықтыратынын айту. Кеңес: Таңертең 2-3 қимылды жаттығуды бірге жасаңыз.</i>
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	Картотека №1 <i>Дид ойын: «Көжекті жасыр» Мақсаты: Төрт мүмкіндіктің ішінен екі берілген нысанды таңдауды үйренеді.</i>	Картотека №2 <i>Дид ойын: «Макарон моншақтар» Мақсаты: Балалар моншақ жасауды үйреніп, пішінін атай алады.</i>	Картотека №4 <i>Дид ойын: «Түрлі түсті жолақшалар» Мақсаты: Балалар ұзын – қысқа, түрлі – түсті жолақшаларды ажырата білуді үйренеді.</i>	Картотека №5 <i>Дид ойын: «Түрлі түсті маталар» Мақсаты: Балалар түстерді ажырата білуді үйрену арқылы таным белсенділіктері артады.</i>	Картотека №7 <i>Дид ойын: «Балықты ұста» Мақсаты: балалар заттың түсін дұрыс ажыратып, атай біледі.</i>
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан					

Ертеңгілік жаттығу	Қыркүйек айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.	Қыркүйек айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.	Қыркүйек айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.	Қыркүйек айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.	Қыркүйек айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.
Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау. Жаттығу кешені қосымша тіркелген					
Таңғы ас	Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту				
	<p>Әңгіме: – Балалар, қолымызды жуған кезде суды көп ағызбайық. – Ас ішкенде де үнемді болайық: тамақты төкпей, шашпай жейік. Қауіпсіздік: – Су шашпаймыз, еденді былғамаймыз. Ылғал жерде абайлап жүреміз. – Ас ішіп отырғанда орнымыздан тұрмаймыз, қасық пен ыдысты дұрыс ұстаймыз.</p>	<p>Әңгіме: – Үнемді болу – әдемі әдет. Суды да, тамақты да ысырап етпей, керек болғанда ғана пайдалану керек. Қауіпсіздік: – Ас үстінде шуламаймыз, қасымыздағы балаларға кедергі келтірмейміз.</p>	<p>Әңгіме: – Нан – ең қымбат ас. Нанды жерге тастамаймыз, оны үнемдеп жейміз. Нан – дастарқанның берекесі. Қауіпсіздік: – Нанмен ойнамаймыз, үстел үстіне тастамаймыз.</p>	<p>Әңгіме: – Ас ішкенде өзімізге жеткілікті ғана алайық. Артық алып қалдырмайық. Бұл – үнемді болудың белгісі. Қауіпсіздік: – Ас ішкенде асықпай шайнаймыз. Асықсақ, қақалып қалуымыз мүмкін.</p>	<p>Әңгіме: – Табақтағы тамақты төкпей, шашпай жейік. Артық алып қойсақ, ол ысырап болады. Әр ас – үлкендердің еңбегі. Қауіпсіздік: – Ас ішіп отырғанда орнымыздан тұрмаймыз. Қолымыздағы ыдысты абайлап ұстаймыз.</p>
Ұйымдастыр ылған іс-	«Ұшқыр ой алаңы» жобасы	«Смарт бала» жобасы	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы	«Шабыт» жобасы Ойын: «Құс болып	«Қамқор» жобасы Ойын: «Досыма

<p>әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҮІӨ)</p>	<p>Ойын: «Кім қалай дыбыстайды?» Тәрбиеші: «Ит қалай үреді? Қой қалай маңырайды? Әтеш қалай шақырады?» – деп сұрайды. Балалар: «Ав-ав!», «Мә-мә!», «Ку-ка-ре-ку!» деп жауап береді. Мағынасы: сөйлеу тілін дамыту, дыбыстарды ажырата білу.</p>	<p>Ойын: «Түсті тап» Тәрбиеші: «Қызыл түсті тауып бер!» – дейді. Балалар қызыл ойыншықты көрсетеді. «Көк түсті тауып бер!» – көк затты көрсетеді. Мағынасы: түстерді ажыратуға, есте сақтауға үйрету.</p>	<p>Ойын: «Жапырақ терейік» Тәрбиеші еденге қағаздан жасалған «жапырақтарды» шашып қояды. «Балалар, жапырақтар жерге түсіп қалыпты. Қане, бәріміз жинап көмектесейік». Балалар жапырақтарды көтеріп, себетке салады. Мағынасы: еңбекке баулу, тәртіпке үйрету.</p>	<p>ұшайық» Тәрбиеші: «Қане, бәріміз құс болайық. Қанатымызды қағып ұшамыз!» – дейді. Балалар қолдарын жайып, құстай айналып жүгіреді. Мағынасы: қиялды дамыту, шығармашылыққа жетелеу.</p>	<p>берейін» Тәрбиеші қолына ойыншық ұстайды: «Менің ойыншығым бар, досыма берейін» – дейді. Балалар кезекпен ойыншықты бір-біріне береді: «Ал, саған!» – деп. Мағынасы: бөлісуге, қамқорлыққа тәрбиелеу.</p>
<p>Кестеге сәйкес ҮІӨ</p>	<p>Қамқор және Еңбегі адал жас өрен жобасы негізінде ұйымдастырылған іс-әрекет</p>				
<p>Қызығушылықты ояту Топқа 3 түсті шар ұшып келу. Шардың түстеріне байланысты дамытушы орталыққа бөліну. 1-ші орталық: Дид ойын: «Ойыншықтармен дос болам»</p>	<p>Қызығушылықты ояту Ғажайып сәт. Аудио дыбыс. Тышқандардың дауысы. Сұрақ – жауап. Тышқан аналар балаларын жоғалтып алыпты. Бізден көмек сұрап жатыр. Көмектесеміз бе?</p>	<p>Қызығушылықты ояту. Тосын сәт. Топқа Айгүл жылап келеді ойыншығын жоғалтып алып. Тәрбиеші: Балалар Айгүлге көмектесеміз ба ойыншығын тауып беруге және ойыншығын табу</p>	<p>Қызығушылықты ояту. Топқа сандықша келуі. Музыка әуенімен сандық ашылады. Сандықтың ішінен ойыншық жиһаздар шығады. Тосын сәт. Қонжықтың келуді. Амандасу.</p>	<p>Тосын сәт. Топқа кір-кір қуыршақ келеді. Таңғалу. Ой қозғау. Мына қуыршақ неге мұндай болып тұр? Қуыршаққа көмектесуге бола ма? Қалай көмектесеміз? Дид ойын: «Қуыршаққа көмек»</p>	

<p>балаларға машина, қуыршақ, кірпі, күшік, робот, автобус, құрылыс материалдары, т.б. әртүрлі материалдан жасалған ойыншықтардың ішінен өзіне ұнаған ойыншықтың біреуіне сипаттама жасайды.</p> <p>2-ші орталық: Дид ойын: «Үйіне орналастыр балалар ойыншықтарға арнап үй құрастыруды.</p> <p>3- орталық: «Көлеңкесін тап» Ойыншықтарды өз көлеңкесіне жапсыру</p> <p>Сергіту сәті: Біз ойыншықпен ойынаймыз, Қоян сияқты секіреміз. Аю сияқты қорбандап,</p>	<p>Ой қозғау. Сұрақ – жауап Тышқандар қайда жүреді? Олар неден қорқады? Олар бізден қандай көмек сұрап тұр? Тышқандарға көмек. Тышқандарға көмектесу үшін мына сиқырлы жолмен орман алаңқайына барып тышқандарды іздейік</p> <p>Сиқырлы жолмен жүріп өту. Қызығушылықты ояту Бала тышқандардың дауысы Дауыс арқылы тышқандарды тауып алу Аналарына балаларын тауып беру.</p> <p>2. Ой дамыту. Дид ойын: «Өз үйіне орналастыр» Тышқандардың түстерін атау. Түстеріне сәйкес үйлеріне (ін)</p>	<p>үшін өзімізбен бірге саяхатқа алып шығамыз ба?</p> <p>Саяхат поездбен. ойыншықтар әлеміне саяхатқа жол тартайық.</p> <p>III. Ой дамыту. Үш столда ағаштан, резеңкеден және пластмасса жасалған ойыншықтар мен шүберектен жасалған ойыншықтар тұрады.</p> <p>1-Стол Ойыншықтардың жаймендеп бетін ашу және Айгүлдің ойыншығын іздеу.</p> <p>Сұрақ-жауап. мынау қандай ойыншық? Түсі қандай? Пішіні қандай? Неден жасалған? Айгүл осының ішінде сенің ойыншығың бар ма? Айгүле: Көре алмай тұрмын өз ойыншығымды.</p>	<p>Қонжық: бөлмелеріме жиһаздар іздеп жүрмін. Сендерден көмек сұрап келдім. Қонжыққа көмек. Сиқырлы сандықтан шыққан жиһаздарды қонжыққа түсіндіріп бөліп беру.</p> <p>Балаларды топқа бөлу.</p> <p>1-топ. Ас үйдің жиһазын жинау. Үстел, орындық, ыдыс сөресі.</p> <p>2-топ.Жатын бөлменің жиһазын жинау. шкаф, төсек, т/б</p> <p>3-топ Қонақ бөлменің жиһазын жинау. Теледидар, диван, кресло</p> <p>Қонжық сенің үйінде осындай жиһаздар болу керек, Қонжық рақмет балалр мен үйіме барып жиһаздарымды осылай қоямын.сау болыңдар.</p> <p>Ой қозғау.</p>	<p>1-көмек. Қуыршақты шомылдырамыз. Ол үшін бізге не керек? Балалардың өз ойын айтуы. -Су, сабын, сүлгі.</p> <p>Дид ойын: «Қуыршақты шомылдырайық» Шомылады қуыршақ, Жуынады қуыршақ. Таза қалпы төсекте Тынығады қуыршақ.</p> <p>2-көмек.Қуыршақты таза киіндіру. Дид ойын: «Қуыршаққа киім тігеміз» Балаларды топқа бөлу.</p> <p>1-топ. Қуыршаққа трафарет арқылы көйлек салып, бояу</p> <p>2-топ: Қуыршаққа шалбар жапсыру.</p> <p>3-топ: Қуыршақтың бантигін гүл арқылы құрастыру.</p> <p>Ой дамыту. Қуыршақ қандай болды?</p>
--	--	---	--	---

<p>Қу түлкідей жүгіріп, Қуыршақпен дос болып, Доп сияқты домалап Бір керіліп аламыз Дид ойын: «Орнында не жоқ?» Шарты: үстел үстіне 5 ойыншық қойылады. Балалардан көздерін жапқан кезде тәрбиеші бір ойыншықты алып тастайды. Балалар қай ойыншық жоқ екенін айтады. Біздің саяхат ойыншарты: Балалар шеңберде отырады, педагог балаларға саяхатқа баратындарына ытайды. Көз алдарыңа елестетіп, қимыл қозғалыстарды орындаймыз 1. Баспалдақтан баяу, асықпай түсеміз;</p>	<p>орналастыру. Сөздік жұмыс: Қызыл, сары, көк, жасыл, ін. 3. Релаксация музыкамен. Саусақ моторикасын дамыту. Дәндермен дамыту. Дәндермен саусақ қозғалысын дамыту. Аудио дыбыс: Тышқандар шиқылдау. Педагог: Тышқандар біздің қарнымыз ашты деп көмек сұрап жатыр, көмектесеміз бе? Дид ойын: «Тышқандарды тамақтандыр» (дәндерді тышқан індерінің қасына айналдыра қою) Сергіту сәті музыкамен Біз тышқан аналарға балдарын тауып бердік, тамақтандырдық, енді балабқшамызға қайтатын уақыт болды, қайтатын</p>	<p>Балалар: Бұл доп. Пішіні дөңгелек. Резеңкеден жасалған. Түсі сары. Жарайсыңдар, ендеше мына столдағы ойыншықтарды көрейік. Мынау қандай ойыншық? Пішіні қандай? Неден жасалған? Түсі қандай? Айгүл осының ішінде сенің ойыншығың бар ма? Айгүл: Мына ойыншықтардың ішінен таба алмадым. Балалар: Домбыра. Сопақ пішінді. Ағаштан жасалған. Сары. Сандық. Төрт бұрышты. Ағаштан жасалған. Түсі көк. Үшінші столды қарайықшы Балалар мынау қандай ойыншықтар? Неден жасалған? Түстері қандай? Айгүл осының ішінде сенің</p>	<p>-Жиһаздарды қайдан аламыз. -Жиһаздарды кім жасайды? -Жиһаздар неден жасалады? Менің сүйікті бұрышым. Балаларды топқа бөлу. 1-топ. Шкафты бояу 2-топ: Стол үстіне ыдыстарды жапсыру 3-топ: Ыдыстарға арнап жемістер мүсіндеу. 4-топ: Шкафтың ыдыстардың жемістердің бөлігін құрастыру. Тақпақ Үй салған соң әрлеп, Қойғаның жөн сән деп. Әр бөлмеге лайық, Жиһаз тұрса дәл кеп. Дене тәрбиесі Кіріспе бөлім . Балалармен амандасу. «Пойыз» ойыны.</p>	<p>Таза жүру үшін не керек? Қуыршаққа тақпақ айтып берейік <u>Ернұр Сейдахмет</u> Қуыршақ Жақсы көрем әкемді, Маған қуыршақ әкелді, Өзім пішіп көйлегін, Өзім тігем өрнегін. Өріп берем шашын да, Бояп берем қасын да, Кешкілік, күн батқанда, Бәрі ұйқыға жатқанда, «Әлди-әлди» әнімен, Ұйықтатамын оны мен. Ұ.О: « тақия тастамақ»</p>
--	--	---	--	--

<p>2. Далаға шықтық күннің көзіне қуанып жүгірдік; 3. Айгерімдоптыалып жергесозабастады ; 4. Балалар тез секірді; Бірақкүнкүркірепжа аңбыржауабастады, алдыменақырын, сосынқаттыжауды. Балалар қорқып тез-тез балабақшаға оралды.(осы қимылдардың барлығын музыкалмен ойнайды.</p> <p>Музыка: Музыка жетекшісінің жоспары бойынша Ұ.О: « Ақсерек - көксерек»</p>	<p>жолымызды анықтап алайық.</p> <p>Шығармашылық жұмыс. Суретшілер Губкадағы бояуға қақпақты батыру арқылы сурет салу.</p> <p>Балабақшаға қайту. Сиқырлы жолмен жүріп өту. Балаларды мадақтау</p> <p>Дене тәрбиесі Кіріспе бөлім. Амандасу Педагог: Біздің қуыршақтар Дене тәрбиесімен шұғылданбақшы, бірақ олар қалай айналысу керектігін білмейді. Кәне, біз оларды үйретейікші. Әрқайсының өзіңе ұнаған қуыршақтың қасына барып тұрыңдар. Қуыршақтарды алып серуендеп қайтайық. Қуыршақтарды «үйшіктеріне»</p>	<p>ойыншығың бар ма? Айгүл: Алақай, менің ойыншығым табылды. Мынау менің ойыншығым. Балалар рахмет сендерге ойыншығымды табуға көмектескендеріңе. Балалар: Машина, қуыршақ. Машина темірден жасалған қатты. Қуыршақ шүберектен жасалған жұмысақ. Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар әр түрлі ойыншық түрлерін көрдік. Бұлар жай ойыншықтар емес сиқырлы ойыншықтар. Ендеше балалар ойыншықтар түрлерін көрдік, сипаттама бердік. Енді ойыншықтар туралы тақпақтарымызды айтайықшы. Тақпақ</p>	<p>Балаларға үлкен себеттегі сылдырмақты көрсету. Сылдырмақты балалардың өздеріне алғызып, бірінің соңынан бірін жүргізіп, шеңберге тұрғызу. Негізгі бөлім Жалпы даму жаттығулары:Сылдырмақпен 1.Б.қ.: тік тұру, аяқ бірге, сылдырмақ кеудеде. Сылдармақты алға созу. Жоғары көтеру. Алға созу. Б. қ. Келу 2.Дене бұлышықеттеріне арналған жаттығулар: Сылдырмақты алға созу.. Отыру, тұру. Б. қ. Келу 3. Аяқ бұлышықеттеріне арналған жаттығулар:</p>	
---	--	--	---	--

апарыңдар. Енді өздерің серуендеп келіңдер.
 Өз қуыршақтарыңа барыңдар.
 Сендердің қалай жүгіретіндеріңді қуыршақтарың көрсін.
Негізгі бөлім
Қуыршақтармен бірге жалпы дамыту жаттығулары.
«Қуыршақтарды алып, шеңбер бойына тұрыңдар».
 1.Қуыршақты жоғары көтереміз, сосын төментүсіреміз.
 Орындауы: ойыншықты оған қарап тұрып жоғары көтеру. (3-4 рет қайталау)
 2.Қуыршақты еденге отырғызып, оның көзіне қараймыз.
 Орындауы: иілу және отыру – әрқайсысы әртүрлі орындауы мүмкін. (3-4 рет қайталау)
 3.Қуыршақпен

Ойыншықтар
 Біздер де бар қуыршақ
 Бұзау,
 қозы ,құлыншық
 Ойыншықтар тыңдайды
 Емес олар ұрыншақ
Саяхаттан қайту.
Дид ойын: «Бөлігін тап»
 Шарты:
 Ойыншықтардың жоқ бөлігін тауып құрастыру.
Тәжірибе: Шар неге ұшады?
Түсіндіру жұмысы:
 Екі шар біреуі үрленген, екіншісі үрленбеген.
Сұрақ: Қайсы шар ұшады?
Үрленген шар неліктен ұшады?
 Өйткені оның ішінде толы ауа бар, егер оның ауасын шығарсақ мына шар секілді олда ұша алмайды.

Аяқ арасы иық көлемінде ашақ, сылдырмақ кеуде тұсында.
 Сылдырмақты алға созу. Еңкею, сылдырмақты тізеге тигізу. Б. қ. келу.
 Б. қ.: тік тұру, сылдырмақты қос қолмен ұстау.
 1. Қос аяқпен секіру. Б. қ. келу.
Тыныс алу:
 «Сылдырмақты үрлеу».
Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары:
 Қолға сылдырмақ ұстап гимнастикалық орындық үстімен жүру.
Қимылды ойын: №13. «Қоңырау қайдан естіледі?»
Мақсаты: Балалар қабырғаға беттерін беріп тұрады. Күтуші апай бөлменің басқа бір шетіне тығылып тұрады да қоңырау

	<p>жасырынбақ ойнайық. Етпетінен жатып қуыршаққа қарау, бетін алақанымен жасыру «ішпен жатып, иықпен тіреп басын сәл көтеру, иіліп «жасырыну». (3- 4 рет қайталау). 4.Қуыршақпен билейік. Қуыршақты қолға алып, әркім өз әлінше бір орында би қимылдарын жасау. (15–20 секқайталау) Қимылдың негізгі түрлері: Қолға қуыршақты ұстап, екі жіп арасымен түзу жүру. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Күлше нан» Қуыршақтарды үлкен шеңбер бойымен отырғызуды ұсынады (үлкен шеңбер залдың ортасында). Қуыршақтардың туған күнін атап өту үшін «Күлше нан»</p>	<p><i>Шардың ауасын шығару.</i> Енді шар ұша алама? Неге? Әр балаға шар беру. Дыхательный гимнастика. «Шар үрлейміз» Ұ.О: « ханталапай »</p>	<p><i>соғады.</i> Ұ.О: « Арқан тартыс»</p>	
--	---	--	--	--

ойынын ойнаймыз.
Бәріміз бір- біріміздің
қолымыздан ұстаймыз.
Туған күнді тойлауға
Пісірдік біз күлше нан.
Иісі қандай дәмді, Өзі
қандай сәнді.
Қызарып піскен күлше
нан, Қазаннан түскен
күлше нан.
Күлше нан, бұрыл
солға, Күлше нан,
бұрыл оңға,
Жан-жағыңа қара да,
Қуыршақты таңда.
(Өз қуыршақтарын
алып, әркім өз әлінше
би қимылдарын
жасайды. 2 рет
қайталайды).
Қуыршақтар
шаршады, енді оларды
мәшиінемен үйлеріне
апарып салайық.
«Мәшиіне» әнінің
ырғағымен бәріміз үйге
қайтайық.
Мәшиіне, мәшиіне келе
жатыр, Ішінде, ішінде
шопыр отыр.
Би-би-би! Би-би-би!
Ұ.О: « Көкпар»

Серуенге дайындық	Еңбегі адал жас өрен - мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсетуге тәрбиелеу. Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.				
	<i>Киіну ретін үйрету: алдымен шалбар, кейін күрте. Киінген балаларды мадақтау. Серуенде тәрбиешімен бірге жүруге үйрету. Балаларға серуенге шыққанда табиғатты көреміз деп қызықтыру.</i>	<i>Киімдерін киюде бір-біріне көмектесуге баулу. Қауіпсіздік ережесі: «Ағашқа шықпаймыз, бір-бірімізді итермейміз». Қатармен жүріп, тәрбиешінің сөзін тыңдауға дағдыландыру.</i>	<i>Балаларға бас киім, қолғаптың жылу үшін қажет екенін түсіндіру. Аяқ киімін дұрыс киюге көмектесу. Қауіпсіздік ережесі: «Тасты алмаймыз, таяқпен ойнамаймыз». Қол ұстасып жүруге баулу.</i>	<i>Серуенге шықпас бұрын ойыншықтарды орнына қоюды ескерту. Киінгенде жеңінен өткізіп көмектесу, түймелерін қадап беру. Қауіпсіздік ережесі: «Тәрбиешіден алыс кетпейміз». Балаларды қатарға тұрғызып шығару.</i>	<i>Балаларды серуенге шығатынын айтып, көңіл-күйін көтеру. Киінуге көмектесу: алдымен аяқ киім, содан соң бас киім. Серуен алдында қауіпсіздік ережесі: «Жүгірмейміз, бір-бірімізді итермейміз». Қол ұстасып, тәрбиешімен бірге шығу.</i>
Серуен	Картотека №7 <i>Бақылау: Бүгін күн қандай? Жел бар ма?</i>	Картотека №9 <i>Бақылау: Торғай мен Қарғаны бақылау.</i>	Картотека №8 <i>Бақылау: Аула сыпырушы-ның еңбегін бақылау.</i>	Картотека №12 <i>Бақылау: Аула маңындағы көліктерді бақылау.</i>	Картотека №17 <i>Бақылау: ауа- райын бақылау</i>
Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. Күз серуен картотекасынан					
Серуеннен оралу	«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.				
	Киімдерін шешу: <i>Балалар киімдерін ретімен шешіп, тәрбиешінің көмегімен жинайды.</i>	Киімдерін шешу: <i>Балаларды киімдерін ұқыптап шешуге, орындыққа немесе сөресіне қоюға үйрету. Тазалық</i>	Киімдерін шешу: <i>Киімдерін кезекпен шешіп, орындарына қоюға дағдыландыру. Тазалық процедуралары:</i>	Киімдерін шешу: <i>Балалар киімдерін шешкен соң тәрбиеші көмегімен сөресіне қояды. Тазалық</i>	Киімдерін шешу: <i>Балаларды тәрбиеші көмегімен сырт киімдерін шешіп, орындарына қоюға баулу.</i>

